

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.281-284

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰЙРЫҚТЫ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЙЫНЫҢ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСІП ЖЕТІЛУІ**

*Молдахметова М.,  
Омарова Қ.М.*

Қой - ең сәтті және кең таралған үй жануарларының бірі. Археологиялық дәлелдер алғашқы үй қойларының Таяу Шығыста шамамен 9000 жыл бұрын пайда болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, көп ұзамай үй қойлары шығу орталығынан ағып, ауыл шаруашылығы кеңейгеннен кейін ежелгі әлемге тарала бастағаны белгілі. Қазақстандағы қой шаруашылығы-мал шаруашылығының ең ежелгі және дамыған саласы. Қазақстан қой шаруашылығының негізгі бағыттарының бірі ет-май болып табылады. Көшпелі өмір салтымен, көпғасырлық асылдандыру тәжірибесінің нәтижесінде ата-бабаларымыз ерте пісіп жетілуімен, мықты дене бітімімен, төзімділігімен, жақсы дамыған сүйегімен, үлкен тірі салмағымен және құрғақ жайылымдарды тиімді пайдалану кезінде жақсы жем-шөп қасиеттерімен сипатталатын бордақыланған қойлардың бірегей экологиялық популяциясын жасады. Сол себепті, әр түрлі тұқымдар мен түрлердің ішінде ет-майлы қойлар шөл және шөлейт жайылымдардың төтенше жағдайларына бейімделудің жоғары деңгейімен және осы құнды ерекшеліктің тұрақты берілуімен сипатталады. Мал саны бойынша құйрықты қойлар – 3,5 миллионнан астам, елдегі алғашқы орындардың бірін алады [1,2].

Еліміздегі қой шаруашылығынан алынатын өнімнің 80-90% үлесін қой еті құрайды. Аталған көрсеткіш етті қой шаруашылығының деңгейінің артуына алып келіп, қой шаруашылығының генетикалық әлеуетін нарықтық экономика жағдайында мақсаттылығын көрсетеді [3].

Қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойы еліміздің барлық аймақтарында кең таралған, оның себебі, етті-майлы қой шаруашылығы тиімді сала болып табылады, тағамдық құндылығы мен дәмі жағынан жоғары құнды арзан қой етін, әсіресе қозы етін, қылшық жүнді, сондай-ақ тері-тон шикізатын өндіру көзі болып есептеледі [4].

Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының өмір салтына байланысты құйрықты қой ұзақ уақыт бойы өнімділіктің әртүрлі бағыттарының басқа тұқымдардың арасында қой етін өндіруде айтарлықтай басымдыққа ие

болатыны айқын. Бұған қой етіне өсіп келе жатқан нарықтық сұраныс ықпал етеді [5].

Әр түрлі тұқымды қойлардың онтогенезін басқару биология мен зоотехнияның маңызды мәселесі болып табылады, өйткені олардың өнімділігі жануарлардың өсуі мен даму сипатына байланысты [6].

Жануарлардың өнімділігін арттыру селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу, қойлардың құйрықты тұқымдарының ет-май өнімділігін сақтау және тиімді пайдалану деңгейіне тікелей байланысты.

Қойдың ет қасиеттерін өмір бойы бағалау босанғаннан кейінгі онтогенездің белгілі бір жас кезеңдерінде тірі салмақтың мөлшері бойынша жүргізілетіні белгілі. Қойдың ет сапасының қалыптасуы генетикалық және паратиптік факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінің әсерінен болатындығын есте ұстаған жөн. Осылайша, қойдың тірі салмағы, дәлірек айтсақ, оның деңгейі, ең алдымен, асыл тұқымды қасиетіне тәуелді. Қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойларын өсіру кезінде тірі салмақ негізгі селекциялық белгі ретінде әрекет ететіні белгілі [7,8].

Сүт кезеңінде сүйектер ең қарқынды өседі және дамиды, осы кезеңде ең жоғарғы салмақ қосады [9].

*Зерттеу материалдары мен әдістемесі.* Зерттеу материалы қазақ құйрықты қойлары болды. Тірі масса жануарларды туылған кезде және төрт ай жасында 0,1 кг дәлдікпен өлшеу арқылы анықталды. Алынған мәліметтерге сәйкес өмірдің әртүрлі кезеңдерінде жануарлардың абсолютті және салыстырмалы орташа тәуліктік өсуі есептеледі.

*Зерттеу нәтижелері.* Белгілі бір жас кезеңіндегі жануарлардың ет өнімділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі тірі салмақ болып табылады. Сонымен қатар, тірі салмақ пайдалы қасиет болып табылады, оған сәйкес жануарлардың беріктігі, денсаулығы, өсуі мен дамуы, ет және жүн өнімділігі бағаланады. Төмендегі бірінші кестеде тоқтылардың туылғаннан бастап төрт айға дейінгі салмақ қосуы көрсетілген.

Кесте 1 - Туғаннан кейінгі кезеңдегі тірі салмақтың өзгеру динамикасы, кг

Жасы, ай	Тоқтылар (n 30)	Ұрғашы тоқтылар (n 30)
0	3,95±0,013	3,75±0,01
1	12,8±0,03	11,5±0,035
2	18,7±0,02	17±0,038
3	24±0,04	22,2±0,05
4	30,9±0,06	28,6±0,06

Кесте 1-де берілген деректер туылған кезде тоқтылардың да, ұрғашы тоқтылары да тұқымдық қасиетіне сай оңтайлы тірі салмақ белгідерін көрсетті. Кесте 1-де берілгендей еркек тоқтылардың туылғандағы орташа тірілей салмағы 3,95±0,013 кг болса, ұрғашы тоқтыларда 3,75±0,01 кг-ды құрады. 1 айлық тоқтылар 12,8±0,03 кг, ал ұрғашы тоқтылар 11,5±0,035 кг болса, 2 айлық тоқтылар сәйкесінше 18,7±0,02 кг, ұрғашы тоқтылар 17±0,038

кг, 3 айлық тоқтылар  $24 \pm 0,04$  кг, ұрғашы тоқтылар  $22,2 \pm 0,05$  кг, 4 айлық тоқтылар  $30,9 \pm 0,06$  кг, ұрғашы тоқтылар  $28,6 \pm 0,06$  кг болды. Туылған кезіндегі тоқтылар мен ұрғашы тоқтылардың арасындағы салмақ айырмашылығы ең аз 0,2 кг болды, ал ең жоғары айырмашылық – 4 айлық кезеңде 2,3 кг.

Төмендегі екінші кестеде қозылардың тірілей салмағының өсу көрсеткіштері берілген. Туылғаннан бастап төрт айлық жасына дейінгі әр ай сайынғы және 0-4 айлар арасындағы тірілей салмағының өсуі, яғни, абсолюттік және салыстырмалы өсімі тиісінше есептелініп берілген.

Кесте 2 – Қозылардың тірілей салмағының өсу көрсеткіштері

Жасы, ай	Тоқтылар		Ұрғашы тоқтылар	
	Абсолюттік өсім, кг	Салыстырмалы өсім, г	Абсолюттік өсім, кг	Салыстырмалы өсім, г
0-1	8,85	295	7,75	258
1-2	5,9	197	5,5	183
2-3	5,3	177	5,2	173
3-4	6,9	230	6,4	213
0-4	26,95	225	24,85	207

Жоғарыдағы екінші кестеде берілгендей ең қарқынды салмақ қосу алғашқы айда абсолюттік өсім тоқтыларда 8,85 кг, ұрғашы тоқтыларда 7,75 кг, ал салыстырмалы өсім сәйкесінше 295 г, 258 г; бір мен екі айында абсолюттік өсім тоқтыларда 5,9 кг, ұрғашы тоқтыларда 5,5 кг, ал салыстырмалы өсім 197 г, 183 г; екі мен үш айында абсолюттік өсім тоқтыларда 5,3 кг, ұрғашы тоқтыларда 5,2 кг, ал салыстырмалы өсім 177 г, 173 г; үш пен төрт ай аралығында абсолюттік өсім тоқтыларда 6,9 кг, ұрғашы тоқтыларда 6,4 кг, ал салыстырмалы өсім 230 г, 213 г; жалпы төрт айда абсолюттік өсім тоқтыларда 26,95, кг, ұрғашы тоқтыларда 24,85 кг, ал салыстырмалы өсім 225 г, 207 г болды. Төмен көрсеткіштер 2-3 ай аралығында байқалды. Қорыта келгенде, туылғаннан бастап 4 айлық жасына дейін, тоқтылар 26,95 кг салмақ қосса, ұрғашылары 24,85 кг салмақ қосты.

Қорытынды. Қазақтың құйрықты қылшық жүнді төлдері күтіп-бағу мен азықтандырудың оңтайлы жағдайларында қалыпты өсіп, жетіліп, дамып, ет өнімділігінің генетикалық әлеуетін көрсетті. Тоқтылар тірлей салмағының өзгеруі бойынша айтарлықтай жоғары көрсеткіштер көрсетті, ал ұрғашы тоқтылар салыстырмалы түрде көрсеткіштері төмен болды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Траисов Б.Б. Мясная продуктивность ягнят казахской курдючной грубешёрстной породы /Б.Б. Траисов, К.Г. Есенғалиев, А.Ж. Каражанов // Овцы, козы, шерстяное дело. – 2013. – №3. – С.18.

2. Rocha, J., Chen, S. & Beja-Pereira, A. Molecular evidence for fat-tailed sheep domestication. *Trop Anim Health Prod* 43, 1237–1243 (2011). <https://doi.org/10.1007/s11250-011-9854-9>

3. К.М. Омарова., С.К. Шауенов, Д.К. Ибраев, Г.К. Долдашева. Нагул молодняка казахских грубошерстных курдючных овец. *Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный)*. - 2018. - №2 (97). - С.103-112.

4. Есенгалиев Куанышкали Есенгалиевич, Есенгалиев Данияр Куанышкалиевич, Джанаев Дарыйн Саматович Результаты подбора родительских пар казахской курдючной грубошерстной породы овец по живой массе // *Известия ОГАУ*. 2017. №2 (64).

5. Рахимжанов Ж. Современные породные ресурсы овец и коз Казахстана / Ж. Рахимжанов., К. Сабденов и др. // *Вестник с.-х. науки Казахстана*. — 2005. — № 9. — С. 50–53.

6. Способ выращивания ягнят мясо-сальных пород в подсосный период. Патент РК № 31589. 2016

7. Шкилёв П.Н., Газеев И.Р., Косилов В.И., Никонова Е.А. Качество мышечной ткани молодняка овец южноуральской породы// *Овцы, козы, шерстяное дело*. 2010. № 3. С. 66 – 69.

8. Бозымов К. К., Баяхов А. Н., Султанова А. К., Давлетова А. М. Эффективность вариантов отбора и подбора по живой массе казахской курдючной грубошерстной породы овец в условиях Мангистауской области // *Вестник ФГОУ ВПО Брянская ГСХА*. 2015. №2.

9. *Справочник по овцеводству* / под ред. Д.Г. Степанова. — К.: Урожай. — 1979. — 152 с.